

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**2024 жылдың 2 айында отандастарымыздың зейнетақы жинақтары 641 млрд теңгеге көбейді**

### *БЖЗҚ-ның 2024 жылдың 1 наурызындағы негізгі көрсеткіштері*

2024 жылдың 1 наурызына Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының (алушыларының) жеке және шартты шоттарында **18,5 трлн теңге** зейнетақы жинақтары қалыптастырылды. Жыл басынан бері олардың өсімі 01.03.2024 ж. **641 млрд теңгеден** асты (3,6%). Өткен жылдың сәйкес күнімен салыстырғанда зейнетақы жинақтарының көлемі шамамен **3,4 трлн теңгеге** немесе **22,3%** өсті.

2024 жылдың 2 айында зейнетақы жарналарының сомасы **414,9 млрд теңге** болды. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 29,8% немесе **95,2 млрд теңгеге** артық. Атап кетейік, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) – 23,8%, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) – 22,9%, ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) – 66,8% бойынша орын алды.

Қазақстандықтардың жинақтарының 97% мөлшері МЗЖ есебінен қалыптастырылды, оның көлемі 01.03.2024 ж.шамамен **17,9 трлн теңге** болды (бір жылдағы өсім – 22%, жыл басынан бері - 3,5%). МКЗЖ бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы **589,9 млрд теңге**, жыл ішінде ол 26,5%, ағымдағы жылдың басынан бастап 3,8% ұлғайды. Ең үлкен өсімді (жылына 49,9%, жыл басынан бері - 8%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, оның көлемі - **5,7 млрд теңге**.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) түсе бастады. 2024 жылдың 2 айында ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы 19,2 млрд теңгеден асты.

БЖЗҚ салымшыларының жеке және шартты зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс жыл басынан бері шамамен **343,6 млрд теңгеге** жетті.

Жыл басынан бері БЖЗҚ-дан төлемдер түріндегі шығыс ағындары 01.03.2024ж. шамамен **130,8 млрд теңге** болды. Бұл ретте тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емдеуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЖТ) осы соманың едәуір бөлігін құрайды – **57,4 млрд теңгеден** астам, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 2,6 есе жоғары.

Зейнет жасына байланысты төлемдер **31,1 млрд теңгеден** асты.

Сондай-ақ, мұрагерлік бойынша төлемдер – **9,2 млрд теңге**, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – **5,6 млрд теңге**, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер – **558 млн теңге**, жерлеуге төлемдер - **1,8 млрд теңге** көлемінде жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына шамамен **25,2 млрд теңге** аударылды.

Атап кетейік, БЖЗҚ-дан кесте бойынша орташа айлық төлем сомасы (зейнеткерлік жасқа толуына байланысты) **34 075 теңге**, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы - **945 752 теңге** болды. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың осы кезеңінде БЖЗҚ-дан кесте бойынша ай сайынғы төлемнің орташа сомасы **32 065 теңге**, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы **742 692 теңге** болған еді.

2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны - 12,4 млн бірлік, оның ішінде: 11,1 млн - МЗЖ бойынша, 659,4 мың - МКЗЖ бойынша, 407,2 мың - ЕЗЖ бойынша.

2024 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша БЖЗК-дағы шартты зейнетақы шоттарының (ШЗШ) саны **3,05 млн бірлік** болды. Онда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЖМЗЖ және өзге де түсімдер туралы мәліметтер ескеріледі.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы «[Көрсеткіштер](#)» бөлімінде орналастырылған.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*